

"2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 ақпандағы № 15 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 143 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 8 тамызда № 5070 болып тіркелді

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 ақпандағы № 15 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4982 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Н. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Жамбыл облысы әкімдігінің
2023 жылғы 7 тамыздағы № 143
қаулысына қосымша

Жамбыл облысы әкімдігінің
2023 жылғы 14 ақпандағы № 15
қаулысына қосымша

2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

--	--	--	--	--	--

№	Субсидиялау бағыттары	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	15 000	16 000	240 000
1.2	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	57 000	570 000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	1 500	150 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	Сатып алынған бас	150 000	1 613	241 950
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
4.1	Отандық	Сатып алынған бас	150 000	365	54 750
5.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде	Тірідей салмағы, килограмм	200		102 611

	сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату			513 055	
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
6.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
6.1	Отандық	Сатып алынған бас	200 000	100	20 000
7.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
7.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	45	1 333 200	59 994
7.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	20	12 500 000	250 000
7.3	А у ы л шаруашылығы кооперативі	Өткізілген немесе өңделген килограмм	20	14 000 000	280 000
8.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	6 000	30 000
Етті құс шаруашылығы					
9.	Құс етін өндіру құнын арзандату:				
9.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	60	4 250 000	255 000

9.2	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	50	1 200 000	60 000
Қой шаруашылығы					
10.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
10.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	25 000	100 000
10.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	2 500	50 000	125 000
11.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	15 000	3 000	45 000
12.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың е р к е к дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	3 000	20 000	60 000
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:					
13.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/ маусым	5 000	10 000	50 000
14.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограмм	60	833 200	49 992
Жиыны:					2 744 297
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылғы резервтегі (күту парағы) түскен өтінімдерді төлеуге субсидиялар көлемдері					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
15.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
15.1	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	15 000	837	12 555
15.2	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	844	8 440

16.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	900	90 000
17.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	Сатып алынған бас	150 000	924	138 600
18.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
18.1	Отандық	Сатып алынған бас	150 000	1 417	212 550
19.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	200	1 732 765	346 553
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
20.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
20.1	Отандық	Сатып алынған бас	200 000	36	7 200
21.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
	Бағымдағы сиырларының				

21.1	саны 50 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	20	206 900	4 138
21.2	А у ы л шаруашылығы кооперативі	Өткізілген немесе өңделген килограмм	20	496 350	9 927
22.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	1 136	5 680
Етті құс шаруашылығы					
23.	Құс етін өндіру құнын арзандату:				
23.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	60	550 200	33 012
Қой шаруашылығы					
24.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
24.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	36 575	146 300
24.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	Б а с / шағылыстыру маусымы	2 500	80 444	201 110
25.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	15 000	81 869	1 228 035
26.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	Б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	12 273	122 730

27.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың е р к е к дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	3 000	6 355	19 065
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен					
28.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/ маусым	5 000	2 762	13 810
29.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограмм	60	202 050	12 123
Жиыны:					2 611 828
Барлығы:					5 356 125